

FTAXP 06.56.21

ӨОЖ 330.554

JEL L20, L26, L82, M13, M21

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2025-1-4-113-129>

ТЛЕСОВА Э.Б.,*¹

Э.Ф.К., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: t.ilvira@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7057-0461

КУЛМАГАНБЕТОВА А.С.,²

PhD, доцент.

e-mail: kulalmira@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0370-0809

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан

²Қазақ ұлттық хореография академиясы,

Астана қ., Қазақстан

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯЛАРҒА ҚАТЫСУЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Андатпа

Әлемдік экономиканың трансформациясы жағдайында креативті индустриялар тұрақты өсудің, инновациялық дамудың және жаңа нарықтардың қалыптасуының маңызды драйверіне айналууда. Шағын және орта бизнес (ШОБ) өзінің икемділігімен және бейімделгіштігімен осы салаларды дамытуда шешуші рөл атқарады. Осы зерттеудің мақсаты – ШОБ-тың креативті индустрияларға қатысуының қазіргі жай-күйін талдау, бар кедергілер мен өсу нүктелерін анықтау, сондай-ақ осы саладағы кәсіпкерлік белсенділікті қолдау мен дамытудың перспективалық бағыттарын айқындау болып табылады. Негізгі назар келесі бағыттарға аударылады: ШОБ-тың креативті индустриялар экономикасына қосқан үлесін бағалау, дамуға әсер ететін институционалдық және инфрақұрылымдық факторларды анықтау, сондай-ақ бизнестің шығармашылық секторларға қатысуын ынталандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы өңірлік және ұлттық деңгейлерде ШОБ-тың креативті салаларға тартылуын сипаттайтын өзекті деректерді жүйелеу және үрдістерді талдау болып табылады. Зерттеу цифрландыру, мәдени әртүрлілік және экономикалық белгісіздік жағдайында бизнестің жұмыс істеу ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеудің құндылығы мынада: жұмыста ШОБ-тың креативті экономикадағы рөлін кешенді бағалау ұсынылған, осы сектордың тұрақтылығы мен инновациясын арттыруға қабілетті стратегиялық бағдарлар мен қолдау құралдары анықталған. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы жұмыспен қамтудың, экспорттың және мәдени бірегейліктің өсуіне ықпал ететін креативті индустрияларда ШОБ үшін қолайлы экожүйені қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік билік органдары, даму институттары және кәсіпкерлік қоғамдастық үшін әзірленген ұсынымдарда көрінеді.

Тірек сөздер: шағын және орта бизнес, креативті индустриялар, креативті экономика, кәсіпкерлік, инновациялар, мемлекеттік қолдау, цифрландыру, тұрақты даму.

Кіріспе

Білім экономикасына және цифрлық трансформацияға көшу жағдайында экономикалық өсудің, жұмыспен қамтудың және мәдени әртүрліліктің көзі ретінде креативті индустриялардың маңыздылығы артып келеді. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, шағын және орта бизнес креативті сектордың негізгі қатысушыларына айналады, өйткені олар қажетті сипаттамаларға ие – икемділік, инновациялық әлеует және нарық конъюнктурасының өзгерістеріне тез әрекет ету қабілеті де бар [1, 2, 3].

ШОБ-тың креативті индустриялардағы маңызы «шағын бизнесті» әдеттегі түсінуден асып түседі, олар жаңа нарықтарды қалыптастырады, қосымша құн жасайды, интеллектуалды өнімнің экспортына ықпал етеді және инновацияларды ынталандырады [4]. ЮНЕСКО және UNCTAD мәліметтері бойынша, креативті экономикада жұмыспен қамтудағы ШОБ үлесі

жекелеген секторларда (сән, дизайн, IT, музыка) 70–80% жетуі мүмкін. ШОБ тек ауқымды өндіріс арқылы емес, шығармашылық пен білім арқылы жаңа қосымша құн жасайды. Бұл бірегей цифрлық өнімдерді жиі жасайтын ШОБ: мобильді қосымшалар, AR/VR-контент, ойын шешімдері, UX/UI-дизайны, NFT-платформалары және т.б.

Креативті индустриялардағы ШОБ әсіресе жастар үшін жұмыс орындарын құруға белсенді ықпал етеді. Қазақстанда креативті индустрияларды дамытудың 2021–2025 жж. арналған тұжырымдамасына сәйкес, креативті индустрияларда жұмыспен қамтуды 2025 жылға қарай 4%-ға дейін ұлғайту жоспарланды, бұл осы салада жаңа жұмыс орындарын құруды білдіреді [5]. Креативті индустриялар жаһандық экономикаға айтарлықтай үлес қосып, әлемдік ЖІӨ-нің шамамен 3,1% құрайды және жұмыс күшінің 6,2% жұмыспен қамтамасыз етілген, оның маңызды бөлігін жастар құрайды. Болжамдарға сәйкес, 2030 жылға қарай бұл қарқынды дамып келе жатқан саланың үлесі әлемдік ЖІӨ-нің 10%-на жетуі мүмкін.

Креативті сектордың маңыздылығын түсіну тұрақты даму үшін өте маңызды және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асырумен тығыз байланысты. Осыны ескере отырып, БҰҰ Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) креативті индустрияларды әлеуметтік-экономикалық прогрестің, оның ішінде Қазақстан сияқты елдердің маңызды құралы ретінде қарастырады [6]. Шағын және орта бизнес креативті экономиканың өсуіне ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар шығармашылыққа, инновациялар мен құндылықтарға негізделген кәсіпкерліктің жаңа сапасын қалыптастыра отырып, тұрақты әлеуметтік және мәдени дамудың маңызды элементіне айналады.

Алайда, отандық ғылыми және практикалық әдебиеттерде ШОБ-тың креативті индустрияларға қатысуы соңғы жылдары осы тақырыпқа деген қызығушылықтың артуына қарамастан жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Бұған дейін креативті экономиканың дамуының жеке аспектілерін (Дж. Хокинс [7], Р. Флорида [8] және т.б. сияқты авторлардың еңбектері), зерттеу әрекеттері жасалды, алайда отандық контексте ШОБ-тың осы саладағы рөлі мен ерекшелігін анықтауға арнайы бағытталған синтезделген зерттеулер іс жүзінде жүргізілген жоқ. Сонымен қатар, ШОБ-тың креативті индустрияларға қосқан үлесін бағалаудың қалыптасқан әдіснамалық тәсілдерінің болмауы, сондай-ақ шығармашылық секторларда кәсіпкерлікті қолдау мәселелерін институционалдық тұрғыдан пысықтаудың әлсіздігі одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Бұл жұмыстың өзектілігі бірнеше факторлармен анықталады: бір жағынан, креативті экономиканы дамытудың жаһандық трендтері және оның әлеуетіне өсіп келе жатқан назар, екінші жағынан, шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік және өңірлік қолдаудың тиімді құралдарын әзірлеу қажеттілігі, әсіресе экономиканы дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру жағдайында. ШОБ-ты креативті индустрияларға интеграциялау мәселелері цифрландыруды, орнықты дамуды, инновацияларды, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени жаңғыртуды қоса алғанда, қазіргі заманғы ғылым мен практиканың басым бағыттарына сәйкес келеді.

Осы зерттеудің объектісі шағын және орта бизнестің креативті индустрияларға қатысуын қалыптастыратын экономикалық және институционалдық қатынастар жүйесі болып табылады.

Зерттеу пәні креативті экономиканың әртүрлі секторларындағы ШОБ субъектілері қызметінің ерекшеліктері, сондай-ақ олардың дамуына әсер ететін факторлар болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – ШОБ-тың креативті индустрияларға қатысуының ерекшеліктерін, кедергілері мен перспективаларын анықтау, кейіннен олардың экономиканың осы сегментіндегі рөлін күшейту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Қойылған мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер айқындалды:

- ♦ креативті индустрияларды және олардың құрылымындағы ШОБ орнын анықтаудың теориялық тәсілдеріне шолу жасау;
- ♦ ШОБ-тың ұлттық және өңірлік деңгейлердегі креативті экономикаға қатысуының ағымдағы жай-күйін талдау;
- ♦ осы саладағы бизнесті дамыту үшін институционалдық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени кедергілерді анықтау;
- ♦ ШОБ-тың креативті салаларға қатысуын ынталандыру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Болжалды гипотеза мынада: шағын және орта бизнес барабар институционалдық орта мен мақсатты қолдау құралдарын ескере отырып, креативті экономиканың тұрақты дамуының негізгі буынына айналуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы креативті индустрияларда ШОБ-ты қолдаудың тиімді стратегияларын қалыптастыру үшін мемлекеттік және өңірлік билік органдарының, даму институттарының, кәсіпкерлік қауымдастықтардың алған нәтижелерін пайдалану мүмкіндігінде, сондай-ақ адами капиталды дамыту, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру және отандық креативті экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуде жатыр.

Материалдар мен әдістер

Осы зерттеу аясында талдаудың сандық және сапалық әдістерін біріктіретін кешенді тәсіл қолданылды.

Зерттеу келесі кезеңдік жоспар бойынша жүргізілді:

1. Теориялық-әдіснамалық базаны талдау (отандық және шетелдік басылымдар, нормативтік құжаттар).

2. Креативті индустриялардағы ШОБ субъектілерінің қызметі туралы статистикалық деректерді жинау және жүйелеу.

3. Статистикалық және мазмұнды талдауды қолдана отырып алынған деректерді өңдеу.

4. Қорытындыларды қалыптастыру және практикалық ұсыныстарды әзірлеу.

Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде: Қазақстан Ұлттық статистика бюросының елдегі кәсіпкерліктің даму серпіні туралы ресми статистикалық деректері; ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының, «Астана» халықаралық қаржы орталығының және басқа да ұйымдардың аналитикалық есептері; ШОБ және креативті индустрияларды қолдаудың мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларының деректері; отандық және шетелдік авторлардың ғылыми жарияланымдары қолданылды.

Зерттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай әдістер қолданылды: ғылыми және нормативтік дереккөздердің контент-талдауы – ұғымдық аппаратты айқындау және ШОБ және креативті индустриялар саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын анықтау үшін; статистикалық талдау (дескриптивтік статистика, салыстырмалы талдау) – ШОБ субъектілерінің саны, жұмыспен қамту құрылымы, табыс көлемі мен деңгейі туралы сандық деректерді өңдеу және түсіндіру үшін); SWOT-талдау – ШОБ-тың креативті индустрияларға қатысуының күшті және әлсіз жақтарын бағалау, сондай-ақ мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтау үшін.

Бұл әдістерді қолдану нәтижелердің сенімділігі мен қайталануының жоғары деңгейін қамтамасыз етті, дәлелді қорытындылар мен тәжірибеге бағытталған ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

ШОБ-тың креативті индустриялардың дамуына әсерін зерттеуге көптеген ғалымдардың жұмыстары арналған. Джон Хокинстің «Креативті экономика: идеяларды ақшаға қалай айналдыру керек» кітабы креативті экономика саласындағы негізгі жұмыс болып табылады. Шығармашылық экономиканың негізі – идеяға белгілі бір құндылық беру үшін адамдардың шығармашылық қиялын қолдануы. 2001 ж. Джон Хокинс құндылық өзіндік ерекшелік пен шығармашылыққа негізделген жүйені сипаттау үшін шығармашылық экономика теориясын жасады. Жұмыста ол қазіргі әлемдегі креативті кластер туралы жалпы түсінік берді, цифрлық дәуірдегі шығармашылықтың табиғатын ашты, 15 креативті индустрияны талдады, креативті бизнесте жетістікке жеткен адамдарға сараптамалық баға берді, зияткерлік меншік және креативті компанияны басқару принциптері туралы айтты [7]. Шығармашылық экономиканың анықтамасы ретінде Дж. Хокинс патенттер, авторлық құқықтар, тауарлық белгілер және түпнұсқа әзірлемелер түрінде авторлық туындылар шығаратын шығармашылық салалар жиынтығын атап өтті.

Американдық экономист және әлеуметтанушы Р. Флорида өзінің «Креативті класс. Болашақты құратын адамдар» креативті экономиканы қоғамның дамуының негізі ретінде қарастырады, оның орталығы – креативті кәсіптердің адамдары, олардың профилін, әлеуметтік, демографиялық және психологиялық сипаттамаларын сипаттайды. Р. Флориданың пікірінше,

«креативтілік» түсінігі «білімге негізделген жаңа практикалық формаларды құру», ал креативті экономиканың дамуының негізі «3 Т»: технология, талант және толеранттылық [8].


P. Dharmani «Креативті индустрияларды библиометриялық талдау: ағымдағы тенденциялар және болашақ бағыттар» атты зерттеуі болашақта креативті индустрияларды дамытудың ағымдағы тенденциялары мен бағыттарын қалыптастыру үшін библиометриялық талдау негізінде креативті индустриялардың мәнін ашады. Бұл зерттеуде авторлардың назары шығармашылық салалар жиынтығы – академиялық зерттеулерге арналған платформалар ретінде креативті индустрияның интеллектуалдық құрамдас бөлігіне аударылады [9].

Креативті индустриялар өнер, дизайн, музыка, кино, сән, сәулет, жарнама, баспа, бағдарламалық қамтамасыз ету, теледидар және радио сияқты қызметтің кең ауқымын қамтиды. Олар инновацияның жоғары деңгейімен, зияткерлік меншікті пайдаланумен және мәдени мұрамен тығыз байланыста болуымен сипатталады [10].

Креативті индустрияға шығармашылық және мәдени қызмет, зияткерлік меншік құқықтарын капиталдандыру және коммерцияландыру процесінде компаниялар, ұйымдар, бірлестіктер мен жеке кәсіпкерлер экономикалық құндылығы бар, оның ішінде үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру мен қоғам өмірінің сапасын арттыруды қамтамасыз ететін тауарлар мен қызметтер өндіретін қызмет түрлері жатады [11].

Креативті экономика әртүрлі елдердің жалпы ішкі өнімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және көптеген мемлекеттер осы сектордың экономикалық және мәдени маңыздылығын ескере отырып, оны дамытуға белсенді түрде инвестиция салады. Мысалы, Жапония мен Оңтүстік Кореяда креативті экономиканың ЖІӨ-ге қосқан үлесі сәйкесінше 7% және 5,6% құрайды (1-сурет).

Көрсетілген елдер бойынша орташа есеппен креативті экономиканың үлесі 2–6% аралығында, бұл креативті индустриялар қазірдің өзінде экономикалық өсудің маңызды драйверіне айналғанын көрсетеді. Қазақстанда креативті экономиканың үлесі небәрі 1% құрайды, бұл көптеген дамыған елдерге қарағанда айтарлықтай төмен. Италия (2%) және Ұлыбритания (2,2%) жоғары мәдени әлеуетке қарамастан төмен нәтижелер көрсетеді. Германия (3,8%) және Франция (2,6%) жоғары көрсеткіштерді көрсетеді. АҚШ орташа деңгейден жоғары (5,3%), бұл цифрлық контенттің, киноның, музыканың және IT-креативтің күшті дамуын көрсетеді. Қытай (4,2%) цифрлық, кино және медиаға салынған ауқымды инвестициялармен байланысты сенімді өсуді көрсетеді. Оңтүстік Корея (5,6%) – АҚШ-тан озып келе жатқан аймақ көшбасшысы. Жапония (7%) тізімнің басында тұр, бұл креативті индустриялардың ел экономикасына жоғары интеграциясын көрсетеді.



Сурет 1 – Әлем елдері бойынша ЖІӨ-дегі креативті экономиканың үлесі, % (Қазақстан – 2024 ж., басқа елдер – 2022 ж.)

Ескертпе: [12] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды.


2022 ж. креативті индустриялар әлемдік жалпы ішкі өнімнің 3,1%-ын, яғни 4,3 трлн долларға тең үлес қосты. Жаһандық креативті экономика жыл сайын шамамен 9%-ға өсуде, дамушы елдерде өсу қарқыны 12%-ға жетеді.

Бүгінгі таңда креативті индустриялар елдер мен компаниялардың жаһандық қосылған құн тізбегіне интеграциялануына ықпал ететін экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде қарастырылуда. Сонымен қатар, олар әлеуметтік және мәдени мәселелерді шешуде, сондай-ақ халықтың шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасауда маңызды рөл атқарады [13]. Нәтижесінде олар Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қоса алғанда, жаһандық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды құралына айналууда.

Басқа елдерге ұқсас, Қазақстанның креативті индустриясының құрылымы шағын кәсіпорындардың үстемдігімен сипатталады: олардың 75%-ында бес адамнан аспайтын жұмысшылар жұмыс істейді. Алайда, бұл субъектілердің аз ғана бөлігі – Астана қаласында шамамен 7% және Алматы қаласында 5% бейнелеу өнері және ойын-сауық индустриясы сияқты креативті индустрияның дәстүрлі анықтамасына сәйкес салаларда шоғырланған. Жұмыспен қамтудың негізгі үлесі жарнамаға, архитектуралық дизайнға және бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге байланысты бағыттарға тиесілі.

Бұл салалар инновациялық белсенділік пен шығармашылық көріністі ынталандыруда ғана емес, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруда, экономикалық дамуға ықпал етуде және мәдени әртүрлілікті нығайтуда маңызды рөл атқарады. Жаһандық деңгейде креативті индустриялар әлемдік жалпы ішкі өнімнің шамамен 3,1% қамтамасыз етеді және жұмыс күшінің 6,2% жұмыспен қамтуды қалыптастырады, бұл ретте персоналдың едәуір бөлігін жастар құрайды. Болжамдарға сәйкес, 2030 жылға қарай бұл сектордың үлесі әлемдік ЖІӨ-нің 10%-на жетуі мүмкін, бұл оның әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі ретіндегі мәртебесін растайды. Креативті индустриялардың орнықты даму факторы ретіндегі маңыздылығын түсіну 2030 жылға дейінгі орнықты даму саласындағы күн тәртібін іске асыру және БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізу контекстінде барған сайын өзектілікке ие болуда [14]. Осыған байланысты БҰҰ Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) креативті индустриялардың дамуын әлеуметтік-экономикалық прогрестің стратегиялық бағыты ретінде, оның ішінде Қазақстанның ұлттық контекстінде іске асырылуын қарастырады.

Креативті экономикадағы шағын және орта бизнесті дамыту жаңа жұмыс орындарын құруға, әсіресе шығармашылық және техникалық құзыреттерді қажет ететін сегменттерде үлес қосады. Бұл өз кезегінде адами капиталдың өсуіне және жұмыспен қамту деңгейінің жалпы өсуіне ықпал етеді. 2024 жылғы мәліметтер бойынша, Қазақстанда креативті индустриялар секторында 41,8 мың бизнес субъектісі жұмыс істеді, оның ішінде 12,3 мың заңды тұлға және 29,5 мың жеке кәсіпкер (2-сурет).



Сурет 2 – Қазақстанның креативті индустрияларындағы субъектілер саны, бірлік

Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды.

2024 жылға қарай Қазақстанда креативті индустриялар субъектілерінің саны едәуір өсті және 2017 жылғы 15,1 мыңға қарағанда 41,8 мыңды құрады. Негізгі өсімді жеке кәсіпкерлер қамтамасыз етті, олардың саны үш еседен астам өсті. Заңды тұлғалардың саны да екі есеге

өсті, бұл сектордың біртіндеп институционализацияланғанын көрсетеді. Осылайша, креативті индустриялар ел экономикасының қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының біріне айналады. Тұтастай алғанда, динамика креативті индустриялар одан әрі өсу және экспорт әлеуеті бар Қазақстан экономикасының қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің біріне айналатынын көрсетеді.

Соңғы жеті жылда Қазақстанда креативті индустриялар субъектілерінің саны 2,7 есеге өсті, ал олардың тіркелген экономикалық субъектілердің жалпы құрылымындағы үлесі 2% құрайды. Сонымен қатар, осы секторда жұмыспен қамтылғандар саны 2019 ж. 106,7 мың адамнан 2024 жылдың ортасында 141,5 мың адамға дейін өсті, бұл осы салада жұмыспен қамтудың өскенін көрсетеді.

Қазақстандағы креативті индустриялар субъектілерінің шоғырлануының ірі орталықтары Алматы және Астана қалалары болып табылады. Бұл екі мегаполис елдің барлық тіркелген креативті экономика субъектілерінің шамамен 50% құрайды. Сонымен қатар, бұл секторда жұмыс істейтін барлық заңды тұлғалардың 67% шоғырланған. Аталған қалаларда креативті индустриялардың бизнеске ену деңгейі белсенді кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы санының 3,5% құрайды, ал басқа өңірлерде бұл көрсеткіш 2%-дан аспайды.

Қазақстанның креативті экономикасы негізінен кәсіпкерліктің шағын нысандарымен ұсынылған. 2024 жылғы жағдай бойынша субъектілердің басым көпшілігі – 41,6 мың шағын бизнес ретінде жіктеледі. Сонымен қатар, секторға орта және ірі бизнестің қатысуы шектеулі болып қалады: тек 128 орта және 41 ірі кәсіпорын тіркелген, бұл елдің креативті индустриясы құрылымында шағын бизнестің үстемдігін көрсетеді.

Креативті салалардағы жұмыспен қамту көрсеткіштері де тұрақты оң динамиканы көрсетеді. Мәселен, Алматы қаласында жұмыспен қамтылғандар саны 60%-ға – 2019 ж. 21,4 мың адамнан 2024 жылдың екінші тоқсанында 32,4 мың адамға дейін өсті. Астана қаласында сол кезеңде жұмыспен қамтылғандар саны 50%-ға – 17,1 мыңнан 26,5 мың адамға дейін өсті (1-кесте).

Кесте 1 – Қазақстанның креативті индустрияларында жұмыспен қамтылғандар саны

№	Көрсеткіштер	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж. 1-ші жартыжылдығы
1	Астана қаласы бойынша креативті индустрияларда жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам	17,1	18,3	20,6	25,0	26,7	26,5
2	Алматы қаласы бойынша креативті индустрияларда жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам	21,42	24,5	27,3	28,3	32,2	32,4
3	Қазақстанның қалған өңірлері бойынша креативті индустрияларда жұмыспен қамтылғандар саны, мың адам	68,2	70,1	69,7	67,8	74,5	82,6
4	Қазақстанның креативті индустрияларында жұмыс істейтіндердің барлығы, мың адам	106,7	112,9	117,6	121,1	133,4	141,5

Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

2019 жылдан бастап, 2024 жылдың ортасына дейінгі кезеңде Қазақстанның креативті индустриялар секторында жұмыспен қамтылғандар 106,7 мыңнан 141,5 мың адамға дейін ұлғайып, оң серпінді көрсетті. Жұмыспен қамтылғандар санының абсолютті өсуімен бір мезгілде креативті индустриялардың жұмыспен қамтудың жалпы құрылымына ену деңгейінің өсуі байқалды: олардың үлесі елдегі жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 1,2%-дан 1,5%-ға дейін өсті.

Креативті индустриялар саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпорындар елдің экономикалық базасын нығайтуға ықпал ете отырып, жалпы қосылған құнды (ЖҚҚ) қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. 2023 жылы Қазақстанның креативті экономикасы өндірген ЖҚҚ жалпы көлемі 1,2 трлн теңгені құрады, бұл сектордың үдемелі дамуын көрсетеді.

Қосылған құнды құрудың негізгі орталықтары Астана және Алматы қалалары болып табылады, онда жалпы қосылған құн көлемі тиісінше 333,3 млрд теңгеге және 462,5 млрд теңгеге жетті. Бұл екі мегаполис елдің креативті секторының жиынтық ЖҚҚ-ның 66,2% құрайды, бұл олардың ұлттық креативті экономикадағы үстем жағдайын көрсетеді. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша креативті индустрия субъектілері өндірген жалпы қосылған құн 498,7 млрд теңгені құрады, бұл дамудың тұрақты динамикасының сақталуын көрсетеді (2-кесте).

Кесте 2 – Креативті индустриялардың ЖҚҚ және Қазақстанның ЖІӨ-нің үлесі

№	Көрсеткіштер	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж. 1-ші жартыжылдығы
1	Алматы қаласы бойынша креативті индустриялардың ЖҚҚ, млрд теңге	182,5	188,1	248,6	337,2	462,5	167,0
2	Астана қаласы бойынша креативті индустриялардың ЖҚҚ, млрд теңге	243,9	255,3	288,4	334,3	333,3	162,9
3	Қазақстанның қалған өңірлері бойынша креативті индустриялардың ЖҚҚ, млрд теңге	175,1	206,1	231,2	283,5	407,1	168,8
4	ЖІӨ/ЖӨӨ креативті индустриясы бойынша ЖҚҚ үлесі, %	0,87	0,88	0,92	0,92	1,0	0,95
Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.							

2024 жылдың 1-ші жартыжылдығында көрсеткіштер 2023 жылғы деңгейдің жартысынан төмен болды, бұл маусымдыққа немесе өсу қарқынының төмендеуіне байланысты болуы мүмкін. Оң динамикаға қарамастан, ЖІӨ-дегі креативті индустриялардың үлесі шамамен 1% деңгейінде қалып отыр, бұл олардың одан әрі дамуының айтарлықтай әлеуетін көрсетеді. Экономикаға салымды ұлғайту үшін секторды қолдау шаралары, инвестицияларды ынталандыру және инфрақұрылымды дамыту қажет. Креативті индустриялар Қазақстан экономикасын әртараптандырудың және оны жаһандық құн тізбегіне біріктірудің драйверлерінің бірі бола алады.

Қазақстанның креативті индустрияларының ЖҚҚ құрылымына 2024 жылға қысқаша талдау жасайық (3-сурет).

ІТ және ойындарды дамыту ең үлкен үлесті алады. Бұл цифрлық сектор цифрландырудың жаһандық трендтерін және ІТ қызметтерге сұранысты көрсететін өсудің негізгі драйвері болып табылатынын көрсетеді. Сәулет, сән және дизайн ЖҚҚ шамамен 20% құрайды. Бұл бағыттар қалалық ортамен, құрылыспен және стиль индустриясымен байланысты. Мәдени-демалыс мекемелері 15% қамтамасыз етеді. Олардың қосқан үлесі экономикада ғана емес, мәдени мұраны сақтауда және ішкі туризмді дамытуда да маңызды. Кітапханалар, мұражайлар 7% құрайды. Қалған сегменттер (теледидар, фото, кино-анимация, музыка) жалпы 10%-ға дейін алады. Олардың әлеуеті бағаланбайды, бірақ мемлекет пен жеке инвестициялардың қолдауымен олар айтарлықтай өсім бере алады.




Сурет 3 – Қазақстанның креативті индустрияларының ЖҚҚ бойынша 2024 жылғы құрылымы, %

Ескертпе: [12] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды.

Қазақстанның креативті индустрияларының ЖҚҚ құрылымы 2024 ж. IT сектордың үстемдігін көрсетеді, ал мәдениет пен өнердің дәстүрлі салалары аз, бірақ тұрақты үлесті сақтайды. Бұл креативті экономиканың екі жағын көрсетеді: бір жағынан, цифрлық бағыттардың жылдам өсуі, екінші жағынан, тепе-теңдік пен ұзақ мерзімді даму үшін мәдени және өнер салаларын қолдау қажеттілігі.

Соңғы жылдары креативті индустриялар секторы өндірілген өнім, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер көлемінде тұрақты оң динамиканы көрсетуде. Әсіресе, 2022 ж. айтарлықтай өсім тіркелді, бұл пандемиялық құлдыраудан кейінгі экономикалық белсенділіктің қалпына келуіне, сондай-ақ креативті өнімдер мен қызметтерге ішкі сұраныстың артуына байланысты болуы мүмкін.

2023 ж. Қазақстанның креативті индустрияларындағы өндірістің жиынтық көлемі 1,6 трлн теңгеге жетті, бұл 2017 жылғы деңгеймен салыстырғанда 393,0%-ға өсуіне сәйкес келеді (4-сурет). Мұндай күрт өсу сектордың, әсіресе технологиялық бағдарланған бағыттардың қарқынды дамуын көрсетеді.



Сурет 4 – Қазақстанның креативті индустрияларындағы өндіріс көлемінің серпіні, млрд теңге


Ескертпе: [12] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды.

Өндіріс құрылымына ақпараттық технологиялар мен бейне ойындарды әзірлеу саласы ең үлкен үлес қосты – 896,4 млрд теңге, бұл ретте көлемнің басым үлесі бағдарламалық кодты әзірлеу есебінен қалыптастырылды. Сондай-ақ, сәулет және сән саласында – 242,7 млрд теңге,

сонымен қатар, телевизиялық бағдарламалар өндірісінде - 149,0 млрд теңге елеулі көрсеткіштер тіркелді.

Аудиовизуалды өнер сегменттері аз ауқымды, бірақ маңызды болып қала береді: кино-индустриядағы өндіріс көлемі 13,2 млрд теңгені, ал музыка және концерт индустриясында – 23,9 млрд теңгені құрады.

Креативті өнім өндірісінің жалпы көлемін қалыптастыруға 1,3 трлн теңге немесе жиынтық көлемнің 80,0% құраған шағын кәсіпорындар үлкен үлес қосты. Ірі кәсіпорындар 198,0 млрд теңге (12,2%) өндірді, ал орта кәсіпорындардың үлесі ең төменгі деңгейде қалды – 128,1 млрд теңге, бұл 7,9% құрайды (5-сурет).



Сурет 5 – 2023 жылғы кәсіпорындардың мөлшері бойынша Қазақстанның креативті индустрияларының өндіріс көлемі, млрд теңге

Ескертпе: [12] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Алматы қаласы креативті индустриялар секторындағы бір субъектіге шаққандағы ең жоғары орташа өндіріс көлемін көрсетті – 69,6 млн теңге, бұл оны Қазақстанның барлық өңірлері арасында көшбасшы етеді. Екінші орында орташа мәні 55,1 млн теңгені құрайтын Астана қаласы, одан кейін Атырау облысы орналасқан, онда ұқсас көрсеткіш бір субъектіге 43,0 млн теңгені құрады.

Орта және ірі кәсіпорындар өндірістің жиынтық көлемінің салыстырмалы түрде аз үлесін құрайтындығына қарамастан, олардың қызметінің тиімділігі әлі де айтарлықтай жоғары болып қала береді. Мәселен, 2023 ж. креативті экономиканың бір ірі кәсіпорнына орташа өндіріс көлемі 4,8 млрд теңгеге, ал бір орта кәсіпорынға – 1,0 млрд теңгеге жетті. Шағын кәсіпорындар үшін бұл көрсеткіш айтарлықтай төмен болды – орташа есеппен 31,2 млн теңге, бұл олардың операцияларының шектеулі ауқымын көрсетеді, сонымен қатар осы сегменттің қамту және қатысушылар саны бойынша кең маңыздылығын растайды.

Қазақстанның креативті индустрияларының негізгі капиталына салынған инвестициялар соңғы жылдары салыстырмалы түрде тұрақты серпінді көрсетті. Ең үлкен көлем 2019 ж. тіркеліп, 52,9 млрд теңгеге жетті. Кейіннен төмендегеніне қарамастан, 2017 жылмен салыстырғанда инвестициялар көлемі екі есеге жуық өсті, бұл осы секторға қызығушылықтың біртіндеп нығаюын көрсетеді.

2023 ж. күрделі салымдардың негізгі бөлігі креативті экономиканың дәстүрлі бағыттарына бағытталды. Инвестиция көлемі бойынша 15,4 млрд теңгені құрайтын кітапханалар мен мұражайларды дамытуға мемлекеттік инвестициялар жетекші орынға ие болды. Сондай-ақ, айтарлықтай қаражат халықтық көркемөнер кәсіпшілігі саласына – 8,5 млрд теңге, негізінен өңірлердегі жеке кәсіпкерлердің қаражаты есебінен инвестицияланды. Үшінші орынды 3,7 млрд теңге инвестицияланған сәулет, сән және дизайн сегменті иеленді.

Қазіргі заманғы креативті индустриялар құрылымында 2023 ж. инвестициялардың ең көп көлемі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу саласына келді, онда жиынтық салымдар 9,1 млрд теңгеге жетті. Сонымен қатар, басқа заманауи сегменттердегі инвестициялық белсенділік төмен деңгейде қалды. Мәселен, киноиндустрияға салынған қаржы небәрі 1,4 млрд теңгені, ал музыка секторына – небәрі 0,6 млрд теңгені құрады. 2023 ж. компьютерлік ойын-

дардың дамуы инвестициялық қаржыландыруды ала алмады, бұл осы салада іске асырылмаған әлеуеттің бар екендігін көрсетеді.

Өңірлік бөлу тұрғысынан креативті индустриялардың негізгі капиталына инвестициялардың ең ірі көлемі Астана қаласында тіркелді – 11,1 млрд теңге. Алматы және Шымкент қалаларында бұл көрсеткіш тиісінше 6,6 млрд және 5,1 млрд теңгені құрады. Еліміздің қалған өңірлеріне жиынтығында 6,0 млрд теңге ғана жұмсалды, бұл ірі урбанистік орталықтарда инвестициялық белсенділіктің жоғары шоғырланғанын көрсетеді.

Креативті секторға инвестицияларды негізінен жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар жүзеге асырады. 2023 ж. олардың үлесі 35,3 млрд теңгені құрады, бұл оларды саланың негізгі инвесторларына айналдырады. Мемлекеттік құрылымдар дәстүрлі түрде күрделі салымдардың көлемі бойынша екінші орынды алады, ал шетелдік субъектілердің үлесі минималды болып қалады.

Кәсіпорындардың мөлшері бойынша шағын кәсіпорындар негізгі капиталға инвестициялар көлемі бойынша көшбасшы болып қала береді. Алайда, 2019 жылдан бастап олардың инвестициялық белсенділігінің төмендеуі байқалды. Сонымен қатар, соңғы екі жылда орта және ірі кәсіпорындар тарапынан инвестициялық процеске қатысудың өсу үрдісі байқалды, бұл инвестициялар көздерін біртіндеп әртараптандыруды және креативті экономиканың институционалдық іргетасын нығайтуды көрсетуі мүмкін (3-кесте).


Кесте 3 – Кәсіпорындардың көлемі бойынша Қазақстанның креативті индустрияларының негізгі капиталына салынған инвестициялар, млрд теңге

№	Кәсіпорындардың мөлшері	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.
1	Шағын кәсіпорындар	33,7	27,2	25,0	12,7	26,5
2	Орта кәсіпорындар	12,7	3,3	2,9	8,9	9,8
3	Ірі кәсіпорындар	6,6	5,2	3,3	15,5	8,3

Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Кәсіпорындардың көлемін ескере отырып, инвестициялық белсенділікті талдау бір субъектіге салынған инвестициялар көлеміндегі айтарлықтай айырмашылықты көрсетеді. 2023 ж. креативті индустриялардағы бір ірі кәсіпорынға келетін инвестициялардың орташа көлемі 202,8 млн теңгені құрады. Орта кәсіпорындар үшін бұл көрсеткіш 76,7 млн теңгеге тең болды, бұл ірі кәсіпорындармен салыстырғанда екі есе төмен. Инвестициялардың ең аз орташа көлемі шағын кәсіпорындарда тіркелді – бір кәсіпорынға небәрі 0,6 млн теңге, бұл осы сегменттің едәуір шектеулі ресурстары мен инвестициялық мүмкіндіктерін көрсетеді.

Меншік нысандары бойынша креативті индустриялардың негізгі капиталына салынған инвестициялардың динамикасы жеке сектордың тұрақты үстемдігін көрсетеді, ал мемлекеттік және әсіресе шетелдік инвестициялар айтарлықтай аз көрінеді (6-сурет).



Сурет 6 – Меншік нысандары бөлінісінде Қазақстанның креативті индустрияларының негізгі капиталына салынған инвестициялар, млрд теңге

Ескертпе: [15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды.

Мемлекеттік мекемелердің негізгі капиталына инвестициялардың орташа көлемі жеке және шетелдік субъектілердің ұқсас көрсеткіштерінен едәуір асып түседі. 2023 ж. креативті индустрияның бір мемлекеттік субъектісі орта есеппен 8,7 млн теңге инвестициялады. Салыстыру үшін, жеке және шетелдік кәсіпорындар тарапынан инвестициялардың орташа көлемі тиісінше 0,9 млн және 0,6 млн теңгені ғана құрады. Бұл айырмашылықтар инвестициялық ресурстарға, әсіресе жеке және шетелдік нарық ойыншыларына қол жеткізуге кедергілердің болуын көрсетеді.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында заңнамалық бастамаларды, инфрақұрылымды дамытуды, қаржылық қолдау құралдарын кеңейтуді, сондай-ақ осы сала өкілдері үшін білім беру және құқықтық ортаны жақсартуды қамтитын креативті индустрияларды дамытуға бағытталған шаралар кешені іске асырылуда. Бұл шаралар креативті сектордың тұрақты өсуін ынталандыруға, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және кәсіпкерлік, инновациялар және мәдениет, өнер және технологиялар саласындағы адами капиталды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

2024 ж. Global Innovation Index әлемдік рейтингінде «Креативті тауарлар мен қызметтер» көрсеткіші бойынша Қазақстан 93-ші орыннан 65-ші орынға көтерілді. Қарқынды серпіліс белсенді мемлекеттік қолдаудың, инновациялардың және бизнес-қоғамдастықтың креативті экономиканы дамытуға тартылуының арқасында мүмкін болды.

Мемлекеттік қолдау креативті индустрияларда ШОБ-ты дамытуда маңызды рөл атқарады. Прогрессивті әлемдік практика негізінде және тұжырымдамадағы бар олқылықтарды ескере отырып, креативті индустрияға бірыңғай көзқарас тұжырымдалды, креативті экономиканы дамытудың жалпы шеңбері белгіленді. Сондай-ақ, тұжырымдамада креативті индустрияларды дамытудың негізгі принциптері мен тәсілдері ұсынылған. Қазақстанның креативті индустрияларын дамытудағы шағын және орта бизнестің рөлі барған сайын маңызды бола түсуде. Креативті индустрияларды дамытудың 2021–2025 жж. арналған тұжырымдамасына сәйкес, мақсат креативті индустриялардың ел экономикасына қосқан үлесін 2025 жылға қарай 5%-ға дейін ұлғайту, сондай-ақ осы саладағы ШОБ субъектілерінің санын 80 000 бірлікке дейін арттыру болып табылады.

2025 ж. «Даму» кепілдік қорын құру жоспарлануда, ол келесіні қамтамасыз етуі тиіс:

- ♦ креативті индустрияларды қоса алғанда, ШОБ жобалары бойынша кепілдіктер;
- ♦ 2028 жылға қарай қолдау көрсетілетін секторлар тізбесін кеңейту және кепілдіктер көлемін 1 трлн теңгеге дейін ұлғайту;
- ♦ 2025 ж. 1,7 трлн теңгеге 30 мыңнан астам жобаны қолдау.

Сондай-ақ қызмет көрсетуді ұйымдастырушылардың резиденттері болып табылатын креативті индустрия субъектілері үшін салықтық преференциялар көзделген.

Мемлекеттік қолдау және креативті индустрияны ынталандыру қаржылық емес қолдау шаралары мен инфрақұрылымды да қамтиды:

- ♦ Креативті хабтар мен кластерлерді құру және дамыту: 2025 ж. ірі қалаларда жұмыс істеп тұрған 12 хабқа қосымша 8 жаңа хаб ашу жоспарлануда;
- ♦ Білім беру бағдарламаларын дамыту: оқу орындарында бейіндік білім беру бағдарламаларын құру, тағылымдамаларды ұйымдастыру және мамандардың біліктілігін арттыру;
- ♦ Өнімді жылжытуды қолдау: фестивальдар, көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыру, сондай-ақ стартаптар мен шағын бизнесті маркетингтік қолдау [13].

Креативті индустриялардың өзара іс-қимылын жеңілдету және өнімдерін ілгерілету үшін «e-Creative» онлайн-платформасы әзірленді, ол:

- ♦ креативті индустрия өкілдерін бірыңғай тізілімге біріктіреді;
- ♦ мамандарды іздеуді жеңілдетеді және бизнес-процестерді автоматтандырады;
- ♦ отандық өнімдерді ішкі және халықаралық нарықтарда ілгерілетуге ықпал етеді.

Қорытынды

Қазақстандағы креативті индустриялар инновацияларды, мәдени әртүрлілікті және жұмыспен қамтуды дамытуға ықпал ететін экономиканың барған сайын маңызды секторына айналууда. Шағын және орта бизнес өзінің икемділігі, эксперимент жасау қабілеті және жаңа идеяларды жылдам енгізу арқылы осы саланы қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Алай-

да, ШОБ-тың креативті индустрияларға қатысуы шектеулі ресурстармен, инфрақұрылымдық кедергілермен және сектордың әлеуеті туралы аз хабардар болумен байланысты бірқатар сын-қатерлерге қатысты. Осы саладағы ШОБ-тың ағымдағы жағдайын тереңірек түсіну үшін оның күшті және әлсіз жақтарын, сондай-ақ мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтай отырып, SWOT-талдауды ұсынамыз (4-кесте).

Кесте 4 – Шағын және орта бизнестің Қазақстанның креативті салаларына қатысуының SWOT-талдауы

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Икемділік және бейімделу ШОБ креативті индустриялардағы жаңа трендтер мен технологияларға тез бейімделеді. 2. Төмен шығындар және жоғары ұтқырлық Кішігірім командалар ресурстарды тиімді басқаруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. 3. Мәдени және этникалық әртүрлілік Қазақстан бірегей шығармашылық жобалар үшін мүмкіндіктер ашатын бай мәдени мұраға ие. 4. Цифрландырудың өсуі Интернеттегі платформалардың, маркетинг-плейстердің және цифрлық құралдардың көбеюі шығармашылық өнімді ел ішінде де, одан тыс жерлерде де ілгерілетуге көмектеседі.	1. Қаржыландыруға шектеулі қол жетімділік Шығармашылық секторлардағы ШОБ инвестициялар немесе несиелер алу кезінде жиі қиындықтарға тап болады. 2. Бизнесті басқару саласындағы білімнің жетіспеушілігі Көптеген креативті кәсіпкерлердің маркетинг, қаржы және стратегиялық жоспарлау бойынша құзыреттері жоқ. 3. Зияткерлік меншікті әлсіз құқықтық қорғау Бұл бірегей мазмұнды жасауға деген ынтаны азайтады және тәуекелдерді арттырады. 4. Нарықтың бөлшектенуі Қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу мен экожүйені қолдаудың кластерлік құрылымының болмауы.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
1. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары Креативті экономиканы дамыту Қазақстан Үкіметінің күн тәртібіне кіреді (мысалы, «Даму», Creative Central Asia және т.б. қорлар арқылы). 2. Шығармашылық өнім экспортын дамыту Креативті жобалар (сән, музыка, IT-дизайн, кино, анимация) шетелде, әсіресе ТМД және Азия елдерінде сұранысқа ие болуы мүмкін. 3. Шығармашылық қызметтерге ішкі сұраныстың өсуі Урбанизация мен орта таптың өсуімен креативті контент пен қызметтерге (дизайн, оқиғалар, брендинг және т.б.) қызығушылық артып келеді. 4. Шығармашылық хабтар мен кластерлердің пайда болуы Алматы, Астана қалаларында және басқа қалаларда арт-кеңістіктер, коворкингтер, акселераторлар мен шығармашылық бірлестіктер пайда болады.	1. Шығармашылық өнімнің құндылығы туралы халықтың төмен хабардарлығы Жалпы қоғам креативті индустрияларды маңызды экономикалық сектор ретінде қабылдамайды. 2. Шетелдік ойыншылармен бәсеке Креативті контент пен өнімдердің импорты (БАҚ, жарнама, ойындар) жергілікті өндірушілерді ығыстырып жіберуі мүмкін. 3. Кадрлар мен мамандардың жетіспеушілігі Креативті экономика үшін кадрларды жүйелі даярлаудың болмауы, жоғары оқу орындарымен және ҒЗТҚЖ-мен әлсіз байланыс. 4. Саяси және экономикалық тұрақсыздық Инвестициялар мен ұзақ мерзімді жоспарлауға теріс әсер етуі мүмкін.
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.	

Қазақстанның креативті индустрияларында шағын және орта бизнесті дамыту мемлекеттік қолдау шараларына қарамастан бірқатар жүйелі және ерекше проблемаларға тап болады. Міне, осы сектордың өсуін бәсеңдететін негізгі мәселелер мен кедергілер:

- 1) Мүмкіндіктер мен қолдау туралы хабардарлықтың жеткіліксіздігі:
 - ♦ көптеген кәсіпкерлер қолданыстағы мемлекеттік қолдау бағдарламалары (гранттар, несиелер, оқыту) туралы білмейді;
 - ♦ жергілікті жерлерде, әсіресе ірі қалалардан тыс аймақтарда ақпараттың жетіспеушілігі.
- 2) Қаржыландыруға шектеулі қолжетімділік:
 - ♦ кепілдердің немесе тұрақты табыстың болмауына байланысты несие алудың қиындығы;
 - ♦ венчурлық және инвестициялық қаржыландырудың жеткіліксіз дамуы, әсіресе дизайн, кино, музыка және геймдевтегі стартаптар үшін;

♦ банктер мен инвесторлар креативті бизнестің ерекшеліктерін нашар түсінеді және оларды жоғары тәуекелді деп бағалайды.

3) Мамандандырылған инфрақұрылымның болмауы:

♦ креативті хабтардың, студиялардың, шеберханалардың, әсіресе Алматы, Астана, Шымкент қалаларынан тыс жерлерде жетіспеушілігі;

♦ өнімді өткізу үшін кәсіби алаңдардың (жәрмеңкелер, маркеттер, шоурумдар) болмауы.

4) Кадр базасының жеткіліксіз дамуы:

♦ жобаларды басқаруда, маркетингте, цифрлық өндірісте құзыреті бар мамандардың жетіспеушілігі;

♦ колледждер мен жоғары оқу орындарында креативті экономика мамандықтары бойынша жүйелі білім беру бағдарламаларының болмауы;

♦ төмен жалақы мен шектеулі перспективаларға байланысты кадрлардың ауысуы және таланттардың шетелге кетуі.

5) Құқықтық және салықтық базаның әлсіздігі:

♦ шығармашылық қызметтің көптеген түрлерінің нақты құқықтық анықтамасы мен жіктелуінің болмауы (мысалы, блогерлік, стриминг, NFT-арт);

♦ авторлық құқық, қарақшылық, зияткерлік меншікті соттың әлсіз қорғауы мәселелері;

♦ осы саладағы шағын бизнес үшін салықтық ынталандырудың жеткіліксіздігі.

6) Мәдени және әлеуметтік кедергілер:

♦ шығармашылық мамандықтар туралы «пайдасыз» немесе «уақытша» деген тұрақты пікір;

♦ ел ішінде жергілікті мәдени өнімдерін тұтынудың нашар дамығаны;

♦ қоғам мен бизнес-қоғамдастықтың креативті стартаптарға деген сенімсіздігі.

7) Халықаралық нарыққа шығу мүмкіндігі шектеулі:

♦ өнімдерді шетелде жылжыту үшін тілдік және маркетингтік дағдылардың жетіспеушілігі;

♦ шығармашылық салалар үшін мамандандырылған экспорттық бағдарламалар мен акселераторлардың болмауы.

Бар кедергілерді еңсеру және креативті кәсіпкерліктің өсуін ынталандыру үшін мыналар қажет:

♦ креативті индустрияларды қолдауға бағытталған заңнамалық бастамаларды әзірлеу және енгізу;

♦ жеңілдетілген несиелеу және гранттар сияқты арнайы қаржы құралдарын құру;

♦ креативті хабтарды, инкубаторлар мен акселераторларды қоса алғанда, инфрақұрылымды дамыту;

♦ креативті кәсіпкерлік саласында кадрларды оқыту және біліктілігін арттыру.

ШОБ пен креативті индустриялар арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін келесі модельді ұсынуға болады (7-сурет).

Бұл модель келесі механизмдерді қамтиды:

1. Аутсорсинг және қызметке тапсырыс беру арқылы ынтымақтастық:

♦ ШОБ креативті индустриядан (КИ) брендингті, маркетингтік материалдарды, цифрлық шешімдерді әзірлеуге тапсырыс береді;

♦ Креативті мамандар бірегей контент, дизайнды, бейне өнімдерін жасайды.

2. Бірлескен өндіріс және ынтымақтастық:

♦ бірлескен өнімдерді құру, дизайнерлік қаптаманы, жарнамалық науқандарды әзірлеу;

♦ инновациялық шешімдерді құру үшін бизнес пен креативті индустрия арасындағы өзара іс-қимыл.

3. ШОБ-тың креативті индустрияларға инвестициялары:

♦ креативті стартаптарды қаржыландыру, гранттық қолдау, венчурлық капиталды дамыту.

4. Білім беру және акселерациялық бағдарламалар:

♦ кәсіпкерлер мен креативті кәсіп өкілдері үшін оқыту курстарын өткізу;

♦ шығармашылық стартаптарды қолдау үшін акселераторлар мен бизнес-инкубаторларды іске қосу.

5. Мемлекеттік қолдау және салықтық жеңілдіктер:

♦ креативті жобаларды, инфрақұрылымды дамытуды субсидиялау (технопарктер, хабтар, кластерлер);

♦ креативті индустрияға инвестиция салатын бизнес үшін жеңілдетілген несиелеу және салықтық жеңілдіктер.

Өзара әрекеттесу моделін құру принциптері:

♦ синергия және кооперация – құндылықты бірлесіп жасау үшін дәстүрлі бизнес пен креативті сектордың ресурстарын біріктіру;

♦ цифрлық трансформация – өзара әрекеттесуді күшейту үшін жаңа технологияларды (Big Data, жасанды интеллект, AR/VR) біріктіру;

♦ инновация және бейімделу – модельдің экономикалық ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілеті;

♦ мемлекеттік қолдау – гранттар, субсидиялар және салықтық жеңілдіктер арқылы қолайлы жағдайлар жасау;

♦ экономикалық тұрақтылық – өзін-өзі қаржыландыру және креативті шешімдерді монетизациялау тетіктерін қалыптастыру. Қазақстанда осы модельдерді бейімдеу цифрлық платформаларды, мемлекеттік қолдау бағдарламаларын дамыту және қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейту арқылы мүмкін болады.



Сурет 7 – ШОБ пен креативті индустриялардың өзара іс-қимылының нақты тетіктері

Ескертпе: Авторлармен құрастырылды.

Осылайша, шағын және орта бизнес Қазақстанның креативті индустрияларын дамытуда шешуші рөл атқарады және оны мемлекет пен қоғам тарапынан қолдау осы саланың әлеуетін табысты іске асыру үшін қажетті шарт болып табылады. Қазақстан экономикасының креативті секторының дамуына әсер ететін факторларды зерттеу оның табысты дамуы экономикалық, әлеуметтік, институционалдық және саяси жағдайлардың кешеніне байланысты екенін көрсетеді. Атап айтқанда, мемлекеттік қолдау, білікті кадрлардың болуы, технологиялар мен қаржы ресурстарына қолжетімділік, сондай-ақ қолайлы инвестициялық орта негізгі факторлар болып табылады. Креативті индустриялардың халықаралық желілерге интеграциялануы да маңызды рөл атқарады, бұл сектордың инновациялық дамуын жеделдете алатын тәжірибе мен технологиялармен алмасуға ықпал етеді. Қазақстан экономикасының креативті секторын табысты дамыту үшін анықталған проблемаларды жойып қана қоймай, көшбасшы елдердің тәжірибесін де белсенді пайдалану қажет. Инфрақұрылымды дамытуды, цифрлық технология-

ларды енгізуді және жаңа креативті бизнестің пайда болуы үшін жағдай жасауды қоса алғанда, креативті экономиканың барлық аспектілерін жүйелі түрде жақсарту арқылы ғана елеулі экономикалық өсуге қол жеткізуге және сектордың елдің ЖІӨ-не үлесін арттыруға болатынын атап өту маңызды. Тек осындай тәсіл Қазақстанның креативті индустрияларының жаһандық деңгейде орнықты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (тіркеу нөмірі AP19680192) «ШОБ-тың Қазақстандағы креативті индустриялардың дамуына әсерін зерттеу» жобасы аясында қаржыландырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Marwana Ah. S., Salehb A., Assagaf S., Possumahd B.T. Micro, Small and Medium Enterprises (MSME) and Creative Industry Development: Case Study of Ternate City, Indonesia // *International Journal of Innovation, Creativity and Change*. 2019. No 8. P. 114–127.
- 2 Savigliano R. Upgrading SMEs in creative industries: A direct path to sustainable development // *UNSDG Learn Blog*. 2021. URL: <https://www.unsdglearn.org/blog/upgrading-smes-in-creative-industries-a-direct-path-to-sustainable-development-leaving-no-one-behind/> (accessed: 05.01.2025)
- 3 Bhatiasavi V., Dutot V. Creative industries and their role in the creative value chain – a comparative study of SMEs in Canada and Thailand // *International Journal of Entrepreneurship and Innovation Management*. 2014. Vol. 18. No 5/6. P. 45–52. DOI: 10.1504/IJEIM.2014.064721.
- 4 Zemite I., Kunda I., Judrupa I. The Role of the Cultural and Creative Industries in Sustainable Development of Small Cities in Latvia // *Sustainability*. 2022. No 14(15). P. 9009. URL: <https://doi.org/10.3390/su14159009> (accessed: 22.07.2022)
- 5 Креативті индустрияларды дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 860 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000860> (өтініш берілген күн: 30.11.2021)
- 6 Калихан Е., Мукитанов Д. Сила креативных индустрий в Казахстане: путь к устойчивому развитию // *United Nations Development Programme*. URL: <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/blog/sila-kreativnykh-industriy-v-kazakhstane-put-k-ustoychivomu-razvitiyu> (дата обращения: 08.01.2025)
- 7 Хокинс Дж. Креативная экономика: как превратить идеи в деньги. – М.: Классика–XXI, 2011. – 256 с.
- 8 Флорида Р. Креативный класс: люди, которые меняют будущее. – М.: Классика–XXI, 2005. – 430 с.
- 9 Dharmani P., Das S., Prashar S. Bibliometric analysis of creative industries: Current trends and future directions // *Journal of Business Research*. 2021. No. 135. P. 252–267.
- 10 Буката Дж. Ф., Сидорня А.А. Теоретические подходы к изучению тенденций и перспектив развития креативных индустрий // *Молодой исследователь Дона*. – 2018. – № 2(11). – С. 155–161.
- 11 Гумерова Г.И., Шаймиева Э.Ш. Подходы к исследованию креативных индустрий для управления в цифровой экономике // *Russian Journal of Economics and Law*. – 2023. – № 1. – С. 63–89.
- 12 Креативные индустрии Казахстана: тренды и перспективы. – Astana International Financial Centre (AIFC), 2024. URL: <https://aifc.kz/wp-content/uploads/2025/01/kreativnye-industrii-kazahstana-trendy-i-perspektivy.pdf> (дата обращения: 10.01.2025)
- 13 Имаева Г.Р., Сушко Е.Ю., Гильдебрандт И.А., Спиридонова Л.В., Баймуратова Л.Р. Вклад цифровых платформ в развитие креативных индустрий и поддержку креативного предпринимательства. – М.: Изд-во НАФИ, 2021. – 84 с.
- 14 Кадыр Р.С. Креативное будущее: тенденции в индустрии творчества в Казахстане: аналитический доклад. – Астана: НАО «Казахстанский институт общественного развития», 2024. – 100 с.
- 15 Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы. URL: <https://www.stat.gov.kz/> (өтініш берілген күн: 06.05.2025)

REFERENCES

- 1 Marwana Ah. S., Salehb A., Assagaf S., Possumahd B.T. (2019) Micro, Small and Medium Enterprises (MSME) and Creative Industry Development: Case Study of Ternate City, Indonesia // *International Journal of Innovation, Creativity and Change*. No. 8. P. 114–127. (In English).

- 2 Savigliano R. (2021) Upgrading SMEs in creative industries: A direct path to sustainable development // UNSDG Learn Blog. URL: <https://www.unsdglearn.org/blog/upgrading-smes-in-creative-industries-a-direct-path-to-sustainable-development-leaving-no-one-behind/> (accessed: 05.01.2025). (In English).
- 3 Bhatiasavi V., Dutot V. (2014) Creative industries and their role in the creative value chain – a comparative study of SMEs in Canada and Thailand // International Journal of Entrepreneurship and Innovation Management. Vol. 18. No 5/6. P. 45–52. DOI: 10.1504/IJEIM.2014.064721. (In English).
- 4 Zemite I., Kunda I., Judrupa I. The Role of the Cultural and Creative Industries in Sustainable Development of Small Cities in Latvia // Sustainability. 2022. No. 14(15). P. 9009. URL: <https://doi.org/10.3390/su14159009> (accessed: 22.07.2022). (In English).
- 5 Kreativti industrialardy damytudyň 2021–2025 jyldarğa arналған tüjyrymdamasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniň 2021 jylğy 30 qaraşadağy No. 860 qaulysy // Qazaqstan Respublikasy normativtik qūyqytyq aktıleriniň aqparattyq-qūyqytyq jüiesi. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000860> (ötiniş berilgen kün: 30.11.2021). (In Kazakh).
- 6 Kalihan E., Mukitanov D. Sila kreativnyh industriy v Kazahstane: put' k ustojchivomu razvitiyu // United Nations Development Programme. URL: <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/blog/sila-kreativnykh-industriy-v-kazahstane-put-k-ustojchivomu-razvitiyu> (data obrashheniya: 08.01.2025). (In Russian).
- 7 Hokins Dzh. (2011) Kreativnaja jekonomika: kak prevratit' idei v den'gi. M.: Klassika–XXI, 256 p. (In Russian).
- 8 Florida R. (2005) Kreativnyj klass: ljudi, kotorye menjajut budushhee. M.: Klassika–XXI, 430 p. (In Russian).
- 9 Dharmani P., Das S., Prashar S. (2021) Bibliometric analysis of creative industries: Current trends and future directions // Journal of Business Research. No. 135. P. 252–267. (In English).
- 10 Bukata Dzh. F., Sidornja A.A. (2018) Teoreticheskie podhody k izucheniju tendencij i perspektiv razvitija kreativnyh industrij // Molodoj issledovatel' Dona. No. 2(11). P. 155–161. (In Russian).
- 11 Gumerova G.I., Shajmieva Je.Sh. (2023) Podhody k issledovaniju kreativnyh industriy dlja upravleniya v cifrovoj jekonomike // Russian Journal of Economics and Law. No. 1. P. 63–89. (In Russian).
- 12 Kreativnye industrii Kazahstana: trendy i perspektivy. Astana International Financial Centre (AIFC), 2024. URL: <https://aifc.kz/wp-content/uploads/2025/01/kreativnye-industrii-kazahstana-trendy-i-perspektivy.pdf> (data obrashheniya: 10.01.2025). (In Russian).
- 13 Imaeva G.R., Sushko E.Ju., Gil'debrandt I.A., Spiridonova L.V., Bajmuratova L.R. (2021) Vklad cifrovych platform v razvitie kreativnyh industriy i podderzhku kreativnogo predprinimatel'stva. M.: Izd-vo NAFI, 84 p. (In Russian).
- 14 Kadyr R.S. (2024) Kreativnoe budushhee: tendencii v industrii tvorchestva v Kazahstane: analiticheskij doklad. Astana: NAO «Kazahstanskij institut obshhestvennogo razvitija», 100 p. (In Russian).
- 15 Qazaqstan Respublikasy strategialyq josparlau jáne reformalar jönindegi agenttiginin ülttyq statistika bürosy. URL: <https://www.stat.gov.kz/> (ötiniş berilgen kün: 06.05.2025). (In Kazakh).

ТЛЕСОВА Э.Б.,*¹

к.э.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: t.ilvira@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7057-0461

КУЛМАГАНБЕТОВА А.С.,²

PhD, доцент.

e-mail: kulalmira@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0370-0809

¹Евразийский национальный университет

им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Казахстан

²Казахская национальная академия хореографии,

г. Астана, Казахстан

УЧАСТИЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В КРЕАТИВНЫХ ИНДУСТРИЯХ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Аннотация

В условиях трансформации мировой экономики креативные индустрии становятся важным драйвером устойчивого роста, инновационного развития и формирования новых рынков. Малый и средний бизнес

(МСБ), обладая гибкостью и способностью к адаптации, играет ключевую роль в развитии этих отраслей. Целью настоящего исследования является анализ современного состояния участия МСБ в креативных индустриях, выявление существующих барьеров и точек роста, а также определение перспективных направлений поддержки и развития предпринимательской активности в данной сфере. Основное внимание уделяется следующим направлениям: оценка вклада МСБ в экономику креативных индустрий, выявление институциональных и инфраструктурных факторов, влияющих на развитие, а также разработка предложений по стимулированию участия бизнеса в творческих секторах. Научная и практическая значимость работы заключается в систематизации актуальных данных и аналитике тенденций, характеризующих вовлеченность МСБ в креативные отрасли на региональном и национальном уровнях. Исследование позволяет лучше понять специфику функционирования бизнеса в условиях цифровизации, культурного разнообразия и экономической неопределенности. Ценность проведенного исследования состоит в том, что в работе предложена комплексная оценка роли МСБ в креативной экономике, определены стратегические ориентиры и инструменты поддержки, способные повысить устойчивость и инновационность этого сектора. Практическое значение результатов исследования выражается в разработанных рекомендациях для органов государственной власти, институтов развития и предпринимательского сообщества, направленных на формирование благоприятной экосистемы для МСБ в креативных индустриях, что способствует росту занятости, экспорта и культурной самобытности.

Ключевые слова: малый и средний бизнес, креативные индустрии, креативная экономика, предпринимательство, инновации, государственная поддержка, цифровизация, устойчивое развитие.

TLESSOVA E.B.,^{*1}

c.e.s., associate professor.

*e-mail: t.ilvira@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7057-0461

KULMAGANBETOVA A.S.,²

PhD, associate professor.

e-mail: kulalmira@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0370-0809

¹Eurasian National University named after L.N. Gumilev,
Astana, Kazakhstan

²Kazakh National Academy of Choreography,
Astana, Kazakhstan

PARTICIPATION OF SMALL AND MEDIUM BUSINESSES IN CREATIVE INDUSTRIES: CURRENT STATE AND DEVELOPMENT PROSPECTS

Abstract

In the context of global economic transformation, the creative industries are becoming a major driver of sustainable growth, innovation, and the development of new markets. Small and medium-sized enterprises (SMEs), due to their flexibility and adaptability, play a crucial role in the advancement of these sectors. This study aims to analyze the current state of SME participation in the creative industries, identify existing barriers and growth opportunities, and outline promising directions for supporting and expanding entrepreneurial activity in this field. Key areas of focus include assessing the contribution of SMEs to the creative economy, examining institutional and infrastructural factors influencing their development, and proposing measures to stimulate greater business involvement in creative sectors. The scientific and practical significance of this research lies in systematizing relevant data and analyzing trends that characterize SME engagement at both regional and national levels. It provides insights into how businesses operate amid digitalization, cultural diversity, and economic uncertainty. The value of this study is in its comprehensive assessment of the role of SMEs in the creative economy, identification of strategic priorities, and development of support tools aimed at enhancing the sector's resilience and innovation potential. The practical relevance is reflected in the recommendations formulated for government authorities, development institutions, and the entrepreneurial community to foster a favorable ecosystem for SMEs, thereby promoting employment, export growth, and cultural identity.

Keywords: small and medium-sized businesses, creative industries, creative economy, entrepreneurship, innovation, government support, digitalization, sustainable development.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 13.07.2025